

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/XRIQ4197>

***К. А. Кумарова¹, Д. Б. Исмаилова², Г. О. Сейдалиева³**

^{1,2,3}Абай ағындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДЕ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ

Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында қолданылатын коммуникативтік құзыреттің компоненттері туралы қарастырылады. Коммуникативтік құзырет-кәсіби және тұлғааралық өзара әрекеттесу мақсаттары мен шарттарына сәйкес тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін психологиялық білімнің жүйесі, қарым-қатынас дағдылары мен әлеуметтік жағдайлардағы мінез-құлық стратегиясы.

Авторлар коммуникативтік құзырет компоненттерін, сөйлеу әрекеттерін және ерекшеліктерін сипаттайды. Сонымен қатар әйгілі әдіскерлердің коммуникативтік құзырет компоненттерін саралап, қысқа тұжырымдамалар берген. Коммуникативтік құзыреттің маңыздылығының екі тұсын атап көрсеткен. Олар: әдепті сөйлеу мен интеллектуалды даму. Әдепті сөйлеу - сөйлеу қызметінің мазмұны мен құрылымы деңгейінде еркін сөйлеуде, сөйлеуді қалыптастыру сәтінде тіл арқылы ойды тұжырымдауда көрінеді. Интеллектуалды даму – ақпарат іздеу қабілеті, ақпаратты алу және өңдеу, ақпаратты түсіндіре білу, осы ақпаратты жеткізудің түрлі тәсілдерін білу, трансформациялау, негізгі және қосымша ойды ажырата алу, ұғымдардың маңызды ерекшеліктерін анықтау, тұжырымдамалар арасындағы байланыстарды айқындай алу болып табылады. Лингвистикалық, прагматикалық және социолингвистикалық компоненттерді қамтитын коммуникативтік құзырет моделі – адамдар арасындағы ой мен сезімді тіл арқылы алмасудың әлеуметтік процесі ретінде қарым-қатынасты үйретуді дәлірек көрсетеді деген қорытындыға келеді.

Кілтті сөздер: құзырет, шеттілдік білім беру, коммуникативтік құзырет, коммуникативтік құзырет компоненттері, әдептілік

Кіріспе

Коммуникативтік құзыреттің анықтамасында сөйлесім жасау білімі мен білігі (істей алу, орындау) жайлы сөз етіледі. Оны келесі пайымдаулардан көруге болады. Дж. Гумперцтің көзқарасы бойынша, коммуникативтік құзырет – бұл «әңгімелесушінің назарын аудару, түсіну және әңгімені қолдау үшін қарым-қатынастың белгілі бір нормаларын білу және сақтау» [1, 282]. Сол секілді Н. Л. Гончарова қарым-қатынас «техникасын» меңгеру деңгейіне белгілі бір нормаларды, мінез-құлықтың стереотиптерін игеру дейді [2]. Ал Г. К. Селевко «түсінісу мақсатында қарым-қатынасқа түсу қабілеті, сондай-ақ қарым-қатынас дағдыларының болуы» [3, 11], Л. Г. Антропова «қарым-қатынас мәселелерін тіл арқылы шешу» тактикасы деп қарастырады [4, 65]. А. В. Хуторскийдің пікірінше, коммуникативтік құзырет ұғымы айналадағы және қашықтағы адамдармен қарым-қатынас жасау тәсілдерін білуді, топпен жұмыс істеуді, топта әртүрлі әлеуметтік рөлдерді атқара алуды қамтиды» [5]. Сайып келгенде, коммуникативтік құзырет нақты қарым -қатынас процесінде білімге де, дағдыға да қатысты деп тұжырымдай аламыз.

1970 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде, бірнеше шеттілдік коммуникативтік құзырет модельдері әзірленді. Шеттілдік коммуникативтік құзырет құрылымында болатын 3-тен 7-ге дейін компоненттер (subcompetencies) ұсынылған. Д. Хаймс алғашқылардың бірі болып тіл меңгеру тек грамматикалық пен лексикалық білімдерін игеру ғана емес, сонымен қатар оларды тұтынудың әлеуметтік жағдайларын да білу деген [6, 269-293]. Оның пікірінше, коммуникативтік құзырет келесі компоненттерден тұрады: лингвистикалық (тіл ережелері), әлеуметтік-лингвистикалық (диалектикалық сөйлеу ережелері), дискурстық (семантикалық мәлімдеме құрау ережелері), стратегиялық (әңгімелесушімен контакт ұстай алу ережелері). Еуропа Кеңесінің ерекшеліктер негізінде ван Эк 1975 жылы шеттілдік коммуникативтік құзырет сипаттамасын береді. Оның құрылымында алты компонент берілген: лингвистикалық әлеуметтік-лингвистикалық, дискурстық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік, стратегиялық [7, 33]. 1993 жылы Еуропалық Кеңес пен ван Эк артынан, оларға ұқсас, коммуникативтік құзыреттің компоненттерін Д. Шейлз ұсынады.

Шеттілдік коммуникативтік құзыретін қалыптастыру мен бағалау әдістемесін одан әрі зерттеуге негіз болған – М. Кэналь мен М. Свейн концепциясы (1980 ж.). Ол 3 компоненттен тұрады: грамматикалық (тілдік кодты білу), әлеуметтік-лингвистикалық (әлеуметтік-мәдени ережелер мен дискурс ережелерін білу), стратегиялық (вербалды және вербалды емес коммуникативті стратегияларды қолдана алу). 1983 жылы Онтарио институтында француз тілінен студенттердің коммуникативті тестілеу

бағдарламаларын жобалау нәтижесінде М. Кэналь дискурстық компонентті қосады (грамматикалық формаларды біріктіріп, әртүрлі жанрдағы тұтас ауызша немесе жазбаша мәтін құра алу) [8].

Ван Эк өз моделінде әлеуметтік-лингвистикалық, әлеуметтік -мәдени және әлеуметтік компоненттерді бөлек қарастырады. Әлеуметтік компонент алғаш рет осы автормен ұсынылғанын айта кеткен жөн. Бұл арқылы Ван Эк педагогикалық қоғамдастықтың назарын коммуникация мен оның нәтижесі қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени жағдайына да, сөйлеушілердің қарым-қатынас процесінде орындайтын әлеуметтік рөлдеріне де байланысты екендігіне аударды. Дискурс компоненті Ван Эк моделінде де ұсынылған.

Ван Эк те, М. Кэналь және М. Свейн де шетілдік коммуникативтік құзырет моделіне стратегиялық компонентті енгізеді. Бұл компонент міндетті түрде шетел тілі қарым-қатынас процесінде кезігетін тілдік не болмаса ақпараттық қиындықтардан өте алуына жауап береді деп түсіндіреді.

М. Кэналь, М. Свейн мен Ван Эк моделдерінен басқа Л. Бахман [9] жасаған қарым-қатынас дағдыларының моделі Батыс ғылыми әдебиеттерінде кеңінен танымал болды. Бахман «құзырет» (білім категориясы ретінде) мен «іс-әрекет» (өнімділік) (іс-әрекетке байланысты категориялар ретінде) арасындағы айырмашылыққа сүйене отырып, өзінің пікірінше, «коммуникативтік қабілет» терминін қолдануды ұсынды. Бұл арқылы ол студенттің шетел тілінен алған білімдерін нақты ауызша немесе жазбаша қарым-қатынаста қалай қолдана алатынына назар аударады. Құрылымы бойынша коммуникативті қабілеттер моделі шетілдік коммуникативтік құзыреттің бұрын жасалған барлық басқа модельдерінен айтарлықтай ерекшеленеді. Ғалым құзыреттіліктің екі негізгі түрін анықтайды: ұйымдастырушылық(грамматикалық және мәтіндік компоненттер(мәлімдеменің келісімділігі) және прагматикалық (қарым-қатынастың әлеуметтік және мәдени аспектісі, сонымен қатар қарым-қатынастың функционалды аспектісі). Шындығында, Л. Бахманның коммуникативті қабілет моделінің мазмұны басқа авторлардың шетілдік коммуникативті құзыреттілігі модельдерінің мазмұнымен сәйкес келеді, алайда олардың құрылымында бұл түбегейлі басқа модельдер.

Лингводидакт П. Дуайэ 1990 жылы ұсынған шетілдік коммуникативтік құзырет құрылымы сөйлеу әрекетінің түрлеріне негізделген. Ол 4 құзыретті айқындайды: сөйлеу, жазу, тыңдау, оқу [10, 33]. Оқу мен тыңдау құзыреттері рецептивті грамматикалық және лексикалық іскерліктер мен дағдылардың қалыптасуын болжайды, ал сөйлеу мен жазу құзыреттері продуктивті лексикалық және грамматикалық іскерліктер мен дағдылармен қамтамасыз етіледі.

1996 жылы Еуропа Кеңесі қабылдаған құжатқа сәйкес «Қазіргі тілдер: оқу, оқыту, бағалау. Ортақ еуропалық құзырет» коммуникативтік құзырет

үш компоненттен тұратыны айтылады: лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық және прагматикалық. Әрбір құзырет тобы білім, дағдылар мен ноу-хаудан тұрады.

1 Лингвистикалық құзырет лексикалық, фонологиялық, синтаксистік білімі мен дағдыларын және тілдің басқа да аспектілерін қамтиды, алайда олар әлеуметтік-лингвистикалық құндылығы мен прагматикалық функциялары жүйесінен тыс қарастырылады.

2 Әлеуметтік-лингвистикалық құзырет тілді қолданудың әлеуметтік-мәдени шарттарына байланысты, яғни әлеуметтік қатынастардың белгілері, сөйлеу этикеті мен әдеттегі сөйлеу формалары, халық даналығының көріністері, коммуникация регистрлері, диалектілер мен екпіндер сияқты білімдер жиынтығын меңгеруі болып табылады.

3 Прагматикалық құзыретте лингвистикалық құралдардың функционалды қолдана алуы сөз етіледі, яғни дискурсты құрастыра алумен, логикалық қайшылықтардың жоқтығымен, орамды сөйлеумен, мәтіндердің түрлері мен жанрларын тиімді қолданумен, ирония мен пародияны орынды пайдаланумен байланысты. Прагматикалық құзыретке мыналар кіреді: дискурстық, функционалдық және схемалық құзыреттер.

Осылайша, жалпы еуропалық құзыреттерде шеттілдік коммуникативтік құзырет құрылымын анықтау саласындағы бұрын жүргізілген зерттеулер жүйеленді, ұқсас компоненттер құзыреттердің үш тобына біріктірілді. Бұл құжатта әзірленген шеттілдік коммуникативтік құзыреттер моделі көптеген зерттеулерге негіз болып табылады. Кейбір әдіскерлер құзыреттер құрамын кеңейтіп, өз компоненттерін қосты.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізін ресейлік әйгілі әдіскер-ғалымдардың, атап айтқанда, Р. П. Мильруд, В. В. Сафонова мен И. Л. Бимнің, шетелдік М. Кэналь мен М. Свейн, В. Эктің еңбектері құрайды. Зерттеу жұмысының барысында ғалымдардың еңбектері бойынша салыстыру, талдау, сараптау әдістері қолданылды.

Ресейлік әдістемелік әдебиеттерінде Р. П. Мильруд, В. В. Сафонова мен И. Л. Бим ғалымдарының шеттілдік коммуникативтік құзыреттерінің модельдері кең таралды. Сондай-ақ көптеген ғалымдар өздерінің зерттеулерінде шетелдік авторлар М. Кэналь мен М. Свейн, В. Эк модельдеріне сүйенеді. Шеттілдік коммуникативтік құзырет моделінде Р. П. Мильруд прагматикалық қосалқы құзыретті қосу арқылы батыстық дәстүрді ұстанды [11, 120–132]. Ғалымның пайымдауынша, пікірлескен кезде коммуникация қатысушылары әртүрлі коммуникативтік функцияларға және прагматикалық мақсаттарға сәйкес сөйлеу мәлімдемесін құрастырады.

Отандық және ресейлік ғылыми зерттеулерде прагматикалық құзырет қарастырылмады деп айта алмаймыз, көптеген еңбектер лингвистикалық формалардың қоғаммен, әлеммен, адамның жеке болмысымен қатынасын айрықша көрсетіп, ол қатынасты жүзеге асыру үшін арнайы білім мен іскерліктердің жүйесін игеру қажеттігін атап өтеді.

Нәтижелер және талқылау

Е. Н. Соловова коммуникативтік құзыреттің компоненттері лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік және стратегиялық-дискурстық құзыреттер деп ұсынып, соңғысы бұл сөйлеуді ұйымдастырудың белгілі бір іскерліктері мен дағдыларына ие болуды, мәлімдемені логикалық, дәйекті және сенімді түрде құруды, міндеттерді қоюды және қойылған мақсатқа жетуді білдіреді деп түсіндіреді [12]. Д. И. Изаренков та үшінші коммуникативтік құзырет деп прагматикалық құзыретті атап, оны қарым-қатынас жағдайына және сөйлеушінің коммуникативті ниеттеріне сәйкес мәлімдеме жасай білу дейді [13, 54–60]. А. Р. Сковородников, Г. А. Копнина мәдени сөйлеу құзыретін бөліп көрсетеді, ол коммуникативті мақсатқа жетуде тиімді ықпал ететін шарттарының бірі ол тілдік, коммуникативті және этикалық нормаларға сай және қарым-қатынас жағдайына сәйкес тілдік құралдарды таңдау мен ұйымдастыру десе, олардың ойынша, бұл сөйлеу мәдениетінің заманауи анықтамасы [14, 20]. Риторикалық-прагматикалық құзырет ұғымы кездеседі, оның дамуы білім алушылардың мәтінді құру туралы білімдерін, ауызша баяндау талаптарын білуінде, сөйлеуді мақсат пен жағдайға сәйкес саналы түрде құра алуында, айту және көрсету қабілеттерін, риторикалық аспектіде ауызша сөйлеуді талдай алуында, адресатпен байланыс орнату алуында көрінеді. Прагматикалық тұрғыдан алғанда, риторикалық қабілеттер ойлап табумен және диспозициямен байланысты: тақырыпты таңдау, негізгі идеяны тұжырымдау, аргументтерді таңдау, адресат пен адресанттың коммуникативті ниетін анықтау, адресаттың түрін, онымен қоғамдық қарым-қатынастың ерекшеліктерін ескеру, тандалған сөйлеу түріне сәйкес фактілерді, материалдарды, аргументтерді реттей білу, риторикалық әсерді болжау және т.б. Мәтінді құру, сабақтастық пен тұтастықты сақтау іскерліктері дискурс құзыреті деп берілсе, Жалпы еуропалық құжат прагматикалық құзыреттің құрамына функционалдық және өзара әрекеттесу схемаларын білу құрамдас құзыреттерімен қатар, дискурс құзыретін енгізеді. Бұл құрамдас құзыреттер сөйлеушінің әртүрлі мақсатқа қарай сөз құрастыра алуын, ал тыңдаушының сөйлеушінің шынайы ниетін түсіне алуын, сөздерінің логикалық түрде құрастырылғанын және орынды сұрақ-жауап бере алуын қамтамасыз етеді. Көріп отырғанымыздай, оларды бір-бірінен бөлек қарастыра алмаймыз.

Осылай лингвистикалық білім ол «қағаз бен желім» болса, тілдік құралдардың бір-бірімен байланысып, дәл уақытта, дәл жағдайда айтылып, ықпал етуді қамтамасыз ететін прагматикалық құзыреттің орны айқын екені көрінеді. Айтылар сөздің құны салмақты болу үшін лингвистикалық фактордан басқа, көптеген сыртқы факторларды ескеру сондай маңызды. Сондықтан болар, коммуникативтік құзыреттің құрамы кеңейтіліп, бірнеше компоненттер ұсынылады. Мысалы:

- этикет-сөйлеу компоненті, этикет нормалары мен ережелерін, сондай-ақ тілдік емес құралдарын сақтай алуы. Әдептілік-сөйлеу компоненті сөйлеу қызметінің мазмұны мен құрылымы деңгейінде еркін сөйлеуде, сөйлеуді қалыптастыру сәтінде тіл арқылы ойды тұжырымдауда көрінеді. Бұл қарым-қатынас жағдайына, этикет нормаларына, ұлттық және мәдени ерекшеліктерге, ана тілінде сөйлейтіндердің әлеуметтік мінез-құлқына (олардың әдет-ғұрыптары, стереотиптері, мәдениеті, вербалды емес құралдар (кинезика, проксемика, просодия және экстралингвистика) сәйкес сөйлеуді, танымды, ақпаратты сақтау мен жаңғырту құралы ретінде қолдануға қажет қабілеттілік пен әзірлілік. Бұл компонент әлеуметтік мәдени құзыреттің құрамында қамтылады.

- интеллектуалды құзырет, ақпарат іздеу қабілеті, ақпаратты алу және өңдеу; диаграммалар, кестелер түрінде осы ақпаратты жеткізу; ақпаратты түсіндіре білу; осы ақпаратты жеткізудің түрлі тәсілдерін білу, трансформациялау, негізгі және қосымша ойды ажырата алу, ұғымдардың маңызды ерекшеліктерін анықтау, тұжырымдамалар арасындағы байланыстарды айқындай алу. Оның себебі: университет түлектері үшін тек қарым-қатынас жасай алу ғана маңызды емес, сонымен қатар ойды қорытып, фактілермен дәлелдеп, өз көзқарасын растай алу қабілеті аса қажет. Алайда интеллектуалды компоненттің зерттеу өрісі кең деп ойлаймыз, ол кәсіби біліктілікті жетілдіруді қамтамасыз етеді де, адамның қаншалықты маман екендігін көрсетеді. Интеллектуалдық және коммуникативтік құзыреттер бір-бірімен тығыз байланысты, олар бір-бірін толықтырады және дамиды.

Кейбір зерттеушілер коммуникативтік құзыреттің аталған компоненттеріне кәсіби құзыретті қосады (Т. М. Балыхина, О. П. Игнатьева, А. Н. Щукин, Л. П. Клобукова және т.б.). Бұл құзыретке ҚҚ компоненті ретінде берілген түсініктемелер әртүрлі. Мысалы, Т. М. Балыхина мен О. П. Игнатьева мұны «табысты кәсіби қарым-қатынас, белсенділік, тиісті білімге ие болу қабілеті; әрекеттерді орындау тиімділігін қамтамасыз етуге арналған жеке қасиеттер» [15] десе, Е. Р. Поршнева шетелдік сарапшылардың зерттеулерінің нәтижелеріне сүйене отырып, оны «кәсіби міндеттерді тиімді шешу үшін қажет кәсіби маңызды құзыреттер мен жеке қасиеттерді жұмылдырудың жеке қабілеттілігінен тұратын негізгі сипат ретінде

анықтайды. Сонымен бірге кәсіби құзыреттің психологиялық негізі – өзінің білім деңгейін үнемі жетілдіруге дайындық» деп санайды [16, 25].

Р. П. Донкова пайымдауынша, мотивациялық-құндылық, танымдық, эмоционалдық және мінез-құлықтық олар коммуникативтік құзырет компоненттері.

Мотивациялық-құндылық компонентін коммуникативтік құндылықтар, қажеттіліктері, себептері, көзқарасы (ақпаратты алу, жеткізу ниеті) сияқты аспектілері көрсетеді.

Танымдық компонент-қарым-қатынасты жеңілдететін және оған кедергі келтіретін жеке қасиеттерді білу, қарым-қатынас атрибуттарын білу (сыртқы келбеті, құралдары, формалары, уақыт, кеңістік), коммуникативті мінез-құлық стандарттары (қоштасу, сәлемдесу, ризашылық пен келіспеушілік білдіру т.б.), вербалды, вербалды емес коммуникация әдістері білуіне байланысты.

Эмоционалды компонент өзін-өзі реттеу, серіктестің жағдайының өзгеруіне жауап беру және оны болжай алу қабілетіне байланысты.

Мінез-құлық компоненті – коммуникативті дағдылар жүйесі: перцептивті (қарым-қатынаста басқаның орнын түсіну, эмоционалды-психологиялық реакцияларды бағалау және оларды болжау қабілеті), экспрессивті (дауыс, бет, визуалды және моторлық физиологиялық және психологиялық үдерістер), коммуникацияда өзін-өзі ұстай алу (қарым-қатынас жасау, әңгімелесушімен байланыс орнату, адамдардың өзара әрекеттесуінің стратегияларын, тактикасын мен әдістерін құру, өзіндік рефлексия және т.б.), техникалық (әртүрлі жағдайда қарым-қатынас жасай білу және жанрлар, ауызша, жазбаша сөйлеуді меңгеру, әңгімелесу әдістерін білу, полемика, пікірталастарға қатыса алу) және эмпатикалық (басқа адамдардың әрекетін байқау, өзін басқаның орнына қоя білу) [17, 18–21]. Жоғарыда аталған мақсат, мотив, эмпатия психологияның зерттеу объектісі болып табылады. Олар - қарым-қатынастың тілдік емес аспектілері, қарым-қатынас жасаушылардың арасында контакт орнатуда және реттеуде, эмоционалдық атмосферасын және адамдардың көңіл-күйін білдіруде үлкен рөл атқарады, алайда олар экстралингвистикалық құбылыстар санатына жатады.

Ресейде ең әйгілі және кең тарағаны И. Л. Бим моделі [18, 11–15]. Автор лингвистикалық, сөйлеу, әлеуметтік-мәдени, компенсаторлық және оқу-танымдық компоненттерін шетел тілінің коммуникативтік құзырет құрылымына енгізді. Соңғы екі компонент жаңа: компенсаторлық субкомпетенция – бұл білім мен дағдылардағы кемшіліктердің орнын толтыру қабілеті, оқу-танымдық (үйрене алу) субкомпетенция – басқа модельдердің ешқайсысында көрсетілмеген, алайда ол адамның сабақтан тыс уақытта немесе оқу бітіргеннен кейін өмір бойы өзін-өзі тәрбиелеу, өз бетінше үйрену қабілеті ретінде өте қажет жалпы құзырет болып табылады. П. В. Сысоев

оқу-танымдық компоненттің бөлек бөліп көрсетіп, И. Л. Бим моделін былай түсіндіреді: а) шетел тілін үйренудің және шетел тілінде өздігінен білім алу дағдылары дамыту маңызды; б) шетел тілінің өзінің ерекшеліктері бар болғандықтан, жалпы құзыреттерді шетел тілін және ана тілі/шетел тілінде сөйлейтін халықтың мәдениетін меңгеруге/оқытуға бейімдеу қажеттігіне назар аудартады [19, 15–24].

Коммуникативтік құзыреттің құрамына тілге қатысты емес компоненттердің ұсынылуы – қарым қатынасты экстралингвистикалық факторлардың ескеруісіз орнату мүмкін еместігін көрсетеді, тіл адамның, қоғамның барлық салаларымен тығыз байланысты, оның көрінісі. Сонымен қатар бұл ғылыми еңбектерді талдау шеттілдік коммуникативтік құзыреттерді қалыптастыру үшін шетел тілін оқыту үдерісінде білім алушының жалпы құзыреттерін де іске қосу қажет деген тұжырымға алып келеді. Шетел тілін оқыту үдерісі тек тілді ғана дамытпайды, жалпы тұлғаның дамуына әсер етеді. Сол сияқты жалпы құзыреттер тілге қатысты болмаса да, іс-қимылдарды жүзеге асыруға, оның ішінде сөйлесу әрекетіне қажет екені мәлім.

Д. И. Изаренков коммуникативтік құзырет «адамның сөйлеу әрекетінің бір, бірнеше немесе барлық түрлерінде қарым-қатынас жасау қабілеті және бұл табиғи болған қарым-қатынас немесе арнайы ұйымдастырылған жағдайға барысында қалыптасқан сөйлеу тұлғасының ерекше қасиеті» деп есептей келе, оны көп компоненттерге бөлу, олардың көлемін ұлғайту олардың арасындағы шекараның жойылуына әкеледі және бүтіннің компоненттері арасындағы байланысты бұзады деп ескертеді [13, 54–60].

Біздің назарымызды, сондай-ақ стратегиялық құзырет аударарды. Жоғарыда айтылған коммуникативтік құзырет моделінде кездеседі. Коммуникативтік құзырет – бұл күрделі ұғым, оның сипаттамасы бір теорияның шеңберінен шығып кетеді. Тілдік құралдардың көмегімен сөйлеу өрнектерін (речевые программы) құрастыра алуды стратегиялар мен тактикаларды меңгеруімен байланыстырылады.

Қатысушылардың өзара әрекеттесу, сөйлесу барысында сөйлеу стратегиялары таңдалады, әлеуметтік шындық адам іс-шаралар нәтижесі болып табылады. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз сөйлеу стратегиясының ұғымы қарым-қатынас нәтижесін (немесе құрылған мәтінді), мақсат қою, коммуниканттардың қойылған мақсатқа сәйкес сөйлеу әрекетін жоспарлау мен ұйымдастыру үдерістерін қамтиды.

Сонымен, шетел тілінің коммуникативтік құзыреті – көп компонентті күрделі құбылыс, алайда кейбір зерттеулерде айырмашылықтар тек таңдалған элементтердің мазмұнын түсіндіру мен терминологиясына қатысты. Бірқатар шығармаларда «сөйлеу құзыреті», «прагматикалық құзырет», «дискурстық

құзырет» ұғымдарын нақты атап көрсетпейді. Лингвистикалық құзырет коммуникативтік құзыреттің дербес компоненті ретінде кейде көрсетілмейді. «Лингвистикалық құзырет» (Л. Бахман, В. В. Сафонова) терминімен қатар «тілдік құзырет» (Д. Хаймс, ван Эк) және «грамматикалық құзырет» (М. Кэналь, М. Свейн) терминдерінің синонимдік қолданылуы бар. Жалпы еуропалық анықтамалықта әлеуметтік лингвистикалық құзырет әлеуметтік-мәдени элементтерді қамтиды, ал В. В. Сафонова, керісінше, әлеуметтік-мәдени құзырет құрамына әлеуметтік лингвистикалық құзыретті қосады. Стратегиялық құзыреттің орнына (Д. Хаймс, ван Эк, М. Кэналь, М. Свейн, Л. Бахман) И. Л. Бим «компенсаторлық құзырет» деп терминін береді немесе стратегиялық дискурстық құзыретпен салыстырылады. Өзірлілік пен қабілеттілік ретінде құзыреттің мәнін атап көрсете отырып, бірқатар зерттеушілер интеллектуалдық, пәндік, кәсіби, білімдік, танымдық және стратегиялық сияқты құзыреттерді енгізудің маңыздылығын атап өтеді. Олардың әрқайсысында сөйлеуді жаңғырту мен қабылдауға және коммуникативті мақсатқа жетуге қажетті білім мен дағдылар бар, мысалы, коммуникативтік құзыреттің интеллектуалды құзыретпен ажырамас байланысы ашылады, оның интеллектуалды қабілеттерінің маңызды рөлін атайды, алайда олар табиғатында экстралингвистикалық болып табылады.

Қорытынды

Коммуникативтік құзыреттің компоненттерін талдау негізінде, оның негізгі және перифериялық компоненттерін бөлу арқылы коммуникативтік құзыреттің интегративті қасиетке ие екенін көреміз. Басқаша айтқанда, коммуникативтік құзыреттің қалыптасуына сөйлеудің өзі мен сөйлеу дағдылары ғана емес, сөйлеу қарым-қатынасты оңтайландыру құралдары мен әдістерін анықтайтын, таңдауға ықпал ететін экстралингвистикалық факторлар да қатысады. Осылайша, біз Еуропалық Кеңес әзірлеген, лингвистикалық, прагматикалық және социолингвистикалық компоненттерді қамтитын коммуникативтік құзырет моделі – адамдар арасындағы ой мен сезімді тіл арқылы алмасудың әлеуметтік процесі ретінде қарым-қатынасты үйретуді дәлірек көрсетеді деген қорытындыға келеміз.

Сондықтан тек тілдік құралдарды өзінің вакуумде оқытып қоймай, коммуникативтік ортаны құру қажет, ол орта коммуникативтік және экстралингвистикалық компоненттерін қамтуы тиіс. Осы жолмен, қарым-қатынаста мәдени нормалары мен ережелерін немесе тілді толық білмеуден туындайтын кедергілерден өтуді ынталандырамыз. Мұның бәрі жағдайға байланысты оңтайлы қарым-қатынас жасау үшін сөзін орынды да, орамды құрастыру қабілеті – шеттілдік (мәдениетаралық) коммуникативтік құзыреттің қалыптастыру үшін қажет.

Пайдаланган деректер тізімі

1 **Gumperz, J.** Communicative Competence Revisited // Meaning, Form and Use in Context: Linguistic Applications. Cambridge: Univ. Press, 1984. – P. 278- 289.

2 **Гончарова, Н. Л.** К вопросу об иноязычных компетенциях // Сборник научных трудов Сев.-Кав. ГТУ. Серия «Гуманитарные науки». – 2006. – № 3. [Электронды ресурс]. – URL: http://science.ncstu.ru/articles/hs/2006_03/ling (Өтініш берілген күні: 11.03.2021).

3 **Селевко, Г. К.** Педагогические технологии на основе информационно-коммуникационных средств. Москва: НИИ школьных технологий, 2005.— С.11

4 **Антропова, Л. Г.** Совершенствование коммуникативной компетентности учителя на основе творческой рефлексии (в условиях дополнительного образования): диссертация ... кандидата педагогических наук / Л.Г. Антропова. – Челябинск, 1999. – С.65

5 **Хуторской, А. В.** Ключевые компетенции и образовательные стандарты // Интернет-журнал «Эйдос». - 2002. - 23 апреля. [Электронды ресурс]. – <http://www.eidos.ru/journal/2002/0423.htm>

6 **Hymes, D.** On Communicative Competence. In J.B. Pride and J. Holmes (eds.), Sociolinguistics. Harmondsworth: Penguin, 1972., P. 269- 293.

7 **Ек, van J.** Objectives for Foreign Language Learning. Vol. I. Scope. - Strasbourg, 1986. P.33

8 **Canale, M.** From communicative competence to communicative language pedagogy // Language and communication /editedby J. C. Richards, R. W. Schmidt. Longman, 1983. 276 p.

9 **Bachman, L.** Fundamental considerations in language testing. Oxford: Oxford University Press, 1990. – 408 p.

10 **Fix, U.** Die Ästetisierung des Alltags — am Beispiel seiner Texte // Zeitschrift für Germanistik. – 2001. – №11.1. – P. 36–53.

11 **Мильруд, Р. П.** Методика преподавания английского языка. English Teaching Methodology. – М.:Дрофа, 2007. – С. 120–132.

12 **Соловова, Е. Н.** Методика обучения иностранного языка: Базовый курс лекций: Пособие для студентов пед. вузов и учителей / Е.Н. Соловова. – 2-е изд. – М.: Просвещение, 2003. – 239 с.

13 **Изаренков, Д. И.** Базисные составляющие коммуникативной компетенции и их формирование на продвинутом этапе обучения студентов-нефилологов / Д.И.Изаренков // Русский язык за рубежом. – 1990. – № 4. – С. 54–60.

14 **Иванова Л. Ю., Сковородникова А. П., Ширяева Е. Н.** Культура русской речи: энциклопедический словарь – справочник. – М., 2003. – 840. – С. 20.

15 **Балыхина, Т. М.** Лингводидактическая теория ошибки и пути преодоления ошибок в речи иностранных учащихся /Т.М. Балыхина, О. П. Игнатьева. – М.: РУДН, 2006. – 195 с.

16 **Поршнева, Е. Р.** Междисциплинарные основы базовой лингвистической подготовки специалиста-переводчика :дис... докт. пед. наук –Казань, 2004, С. 25

17 **Дондокова, Р. П.** Сущностная характеристика и структура коммуникативной компетентности // Вестник Бурятского государственного университета, 2012. – №11. – С. 18–21.

18 **Бим, И. Л.** Личностно-ориентированный подход - основная стратегия обновления школы // Иностранные языки в школе. 2002. № 2. С. 11–15.

19 **Сысоев, П. В.** Формирование учебно-познавательной компетенции в целях обучения иностранному языку // Иностранные языки в школе. – 2015. – № 10. – С. 15–24.

References

1 **Gumperz, J.** Communicative Competence Revisited[in English] // Meaning, Form and Use in Context: Linguistic Applications. Cambridge: Univ. Press. 1984. P. 278–289.

2 **Goncharova, N. L.** K voprosu ob inoyazychnykh kompetentsiyakh [On the issue of foreign language competencies] // Sbornik nauchnykh trudov Sev.-Kav. GTU. Seriya «Gumanitarnyye nauki». 2006. № 3. [Electronic resource]. – URL: http://science.ncstu.ru/articles/hs/2006_03/ling (Access date: 11.03.2021).

3 **Selevko, G. K.** Pedagogicheskiye tekhnologii na osnove informatsionno-kommunikatsionnykh sredstv [Pedagogical technologies based on information and communication means] Moskva: HII shkolnykh tekhnologiy. 2005. – P. 11.

4 **Antropova, L. G.** Sovershenstvovaniye kommunikativnoy kompetentnosti uchitelya na osnove tvorcheskoy refleksii [Improving the teacher’s communicative competence on the basis of creative reflection] (v usloviyakh dopolnitelnogo obrazovaniya): dissertatsiya ... kandidata pedagogicheskikh nauk / L.G. Antropova. Chelyabinsk. 1999. – P. 65.

5 **Khutorskoy, A. V.** Klyuchevyye kompetentsii i obrazovatelnyye standarty [Key competencies and educational standards] // Internet-zhurnal “Eydos”. – 2002, 23 aprelya. [Electronic resource]. – <http://www.eidos.ru/journal/2002/0423.htm>

6 **Hymes, D.** On Communicative Competence [in English] In J.B. Pride and J. Holmes (eds.). Sociolinguistics. Harmondsworth: Penguin, 1972., – P. 269–293.

7 **Ek, van J.** Objectives for Foreign Language Learning [in English] Vol. I. Scope. – Strasbourg, 1986. – P. 33.

8 **Canale, M.** From communicative competence to communicative language pedagogy[in English] // Language and communication /editedby J. C. Richards. R. W. Schmidt. – Longman, 1983. – 276 p.

9 **Bachman, L.** Fundamental considerations in language testing [in English] Oxford: Oxford University Press, 1990. 408 p.

10 **Fix, U.** Die stetisierung des Alltags – am Beispiel seiner Texte[in German] // Zeitschrift fr Germanistik. – 2001. – № 11.1. – P. 36–53.

11 **Milrud, R. P.** Metodika prepodavaniya angliyskogo yazyka [English Teaching Methodology]. M. : Drofa, 2007. – P. 120–132.

12 **Solovova, E. N.** Metodika obucheniya inostrannogo yazyka[Methods of teaching a foreign language]: Bazovyy kurs lektsiy: Posobiye dlya studentov ped. vuzov i uchiteley / E.N. Solovova. – 2-e izd. – M.: Prosveshcheniye, 2003. – 239 p.

13 **Izarenkov, D. I.** Bazyisnyye sostavlyayushchiye kommunikativnoy kompetentsii i ikh formirovaniye na prodvinutom etape obucheniya studentov-nefilologov[Basic components of communicative competence and their formation at the advanced stage of training of non-philological students] / D.I.Izarenkov // Russkiy yazyk za rubezhom. – 1990. – № 4. – P. 54–60.

14 **Ivanova, L. Yu., Skovorodniko-va A. P., Shiryayeva E. N.** Kultura russkoy rechi: entsiklopedicheskiy slovar[Culture of Russian speech: an encyclopedic dictionary] – spravochnik / Moscow, 2003.– 840. P. 20.

15 **Balykhina, T. M.** Lingvodidakticheskaya teoriya oshibki i puti preodoleniya oshibok v rechi inostrannykh uchashchikhsya [Linguodidactic theory of errors and ways to overcome errors in the speech of foreign students]/T.M. Balykhina. O. P. Ignatyeva. – M.: RUDN, 2006. – 195 p.

16 **Porshneva, E. R.** Mezhdistsiplinarnyye osnovy bazovoy lingvisticheskoy podgotovki spetsialista-perevodchika[Interdisciplinary fundamentals of basic linguistic training of a specialist translator] :dis... dokt. ped. nauk – Kazan, 2004. P. 25.

17 **Dondokova, R. P.** Sushchnostnaya kharakteristika i struktura kommunikativnoy kompetentnosti[Essential characteristics and structure of communicative competence] // Vestnik Buryatskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2012. – № 11. – P. 18–21.

18 **Bim, I. L.** Lichnostno-orientirovanny podkhod - osnovnaya strategiya obnovleniya shkoly[A personality-oriented approach is the main strategy for school renewal] // Inostrannyye yazyki v shkole. – 2002. – № 2. – P. 11–15.

19 **Sysoyev, P. V.** Formirovaniye uchebno-poznavatelnoy kompetentsii v tselyakh obucheniya inostrannomu yazyku[Formation of educational and cognitive competence for the purpose of teaching a foreign language] // Inostrannyye yazyki v shkole. – 2015. – № 10. – P. 15–24.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*К. А. Кумарова¹, Д. Б. Исмаилова², Г. О. Сейдалиева³

^{1,2,3}Қазақстан Республикасының педагогикалық университетінің атына Абай,
Қазақстан Республикасы, Алматы.

Материал қабылданды редакцияға 08.09.22.

КОМПОНЕНТЫ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В ИНОЯЗЫЧНОМ ОБРАЗОВАНИИ

В данной статье речь пойдет о компонентах коммуникативной компетенции, используемых на уроках английского языка. Коммуникативная компетенция – система психологических знаний, коммуникативных навыков и стратегий поведения в социальных ситуациях, позволяющих выстраивать эффективное взаимодействие в соответствии с целями и условиями профессионального и межличностного взаимодействия.

Авторы описывают компоненты коммуникативной компетенции, речевые действия и особенности. Кроме того, известные методисты проанализировали компоненты коммуникативной компетенции и дали краткие формулировки. Выделены два аспекта значимости коммуникативной компетенции. Это: тактичная речь и интеллектуальное развитие. Тактичная речь проявляется в свободной речи на уровне содержания и структуры речевой деятельности, в формулировании мысли через язык в момент формирования речи. Интеллектуальное развитие – способность искать информацию, получать и обрабатывать информацию, уметь интерпретировать информацию, знать различные способы передачи этой информации, трансформировать, различать основную и дополнительную мысль, определять важнейшие особенности понятий, выявлять связи между понятиями. Авторы приходят к выводу, что модель коммуникативной компетенции, включающая в себя лингвистический, прагматический и социолингвистический компоненты, более точно отражает обучение общению как социальному процессу обмена мыслями и чувствами между людьми через язык.

Ключевые слова: компетенция, иноязычное образование, коммуникативная компетенция, компоненты коммуникативной компетенции, этичность.

*K. A. Kumarova¹, D. B. Ismailova², G. O. Seidalieva³

^{1,2,3}Abai Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 08.09.22.

COMPONENTS OF COMMUNICATIVE COMPETENCE IN FOREIGN LANGUAGE EDUCATION

This article will focus on the components of communicative competence used in English lessons. Communicative competence is a system of psychological knowledge, communication skills and behavioral strategies in social situations that allow building effective interaction in accordance with the goals and conditions of professional and interpersonal interaction.

The authors describe the components of communicative competence, speech actions and features. In addition, well-known methodologists analyzed the components of communicative competence and gave brief formulations. Two aspects of the importance of communicative competence were identified. These are: tactful speech and intellectual development. Tactful speech is manifested in free speech at the level of the content and structure of speech activity, in the formulation of thoughts through language at the time of speech formation. Intellectual development is the ability to search for information, receive and process information, be able to interpret information, know various ways of transmitting this information, transform, distinguish between basic and additional thought, identify the most important features of concepts, identify connections between concepts. The author comes to the conclusion that the model of communicative competence, which includes linguistic, pragmatic and sociolinguistic components, more accurately reflects learning to communicate as a social process of exchanging thoughts and feelings between people through language.

Keywords: competence, foreign language education, communicative competence, components of communicative competence, ethics.

Теруге 08.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 18,53. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Тапсырыс № 3975

Сдано в набор 08.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 18,53. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Заказ № 3975

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz